Алматы облысы, Іле ауданы, М.Түймебаев ауылы

ТОО «Ғасыр-МБК»

«Өркен» бөбекжай-балабақшасы

Бұйрық №5

«13» мамыр 2026 ж.

№5 2025-2026 » оқу жылының қорытындысы: жетістіктер, нәтижелер және жазғы сауықтыру жұмыстарының басым бағыттары» өткізу туралы

Педагогикалық кеңес туралы ереже негізінде, «Өркен» бөбекжай-балабақшасының 2025-2026 оқу жылына арналған
Жылдық жоспарына сәйкес:

БҰЙЫРАМЫН:

1. **2026 жылғы 13 мамырда** «Өркен» бөбекжай- балабақшасында «**2025-2026» оқу жылының қорытындысы: жетістіктер, нәтижелер және жазғы сауықтыру жұмыстарының басым бағыттары» өткізу туралы**
   тақырыбында №5 педагогикалық кеңес өткізілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші: «Ғасыр МБК» Жәуміт А.Б

№5 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Мақсаты:

1. Оқу жылының қорытындысын шығару.

2. Педагогтердің кәсіби жетістіктерін талдау.

3. Балалардың даму мониторингінің нәтижелерін қарастыру.

4. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарын бекіту.

Міндеттері:

1. Оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын талдау.

2. Балалардың білім, білік және дағдыларының даму деңгейін анықтау.

3. Педагогтердің шығармашылық жұмыстарын қорытындылау.

4. Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстарды жоспарлау.

Өткізу формасы: «Педагогикалық диалог»

Күн тәртібі:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын талдау.

2. 2025-2026 оқу жылының қорытындысы.

3. Балалардың қорытынды мониторинг нәтижелері.

4. Педагогтердің шығармашылық есептері.

5. Балалардың шығармашылық жұмыстар көрмесінің қорытындысы.

6. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту.

7. Педагогикалық кеңес шешімі.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Жәуміт А.Б сөз сөйлеп, №4 педагогикалық кеңестің барлық шешімдері толық орындалғанын атап өтті.

2. Екінші мәселе бойынша меңгеруші Жәуміт А.Б 2025-2026 оқу жылы ішінде атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарына талдау жасады. Балабақшада жылдық жоспарға сәйкес барлық іс-шаралардың орындалғанын, тәрбиеленушілердің білім сапасы мен даму көрсеткіштерінде оң нәтижелер байқалғанын айтты.

3. Үшінші мәселе бойынша әдіскер Жәуміт А. Б балалардың қорытынды мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Мониторинг қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды меңгеру деңгейлері анықталғаны айтылды.

4. Төртінші мәселе бойынша педагогтер өздерінің шығармашылық есептерін ұсынды. Олар оқу жылы ішінде қолданған тиімді әдіс-тәсілдерімен бөлісіп, кәсіби жетістіктері мен тәжірибелерін таныстырды.

5. Бесінші мәселе бойынша балалардың шығармашылық жұмыстарынан ұйымдастырылған көрме қорытындыланды. Тәрбиешілер балалардың сурет салу, жапсыру, мүсіндеу және қол еңбегі бағытындағы жетістіктерін көрсетті.

6. Алтыншы мәселе бойынша меңгеруші Жәуміт А. Б жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын таныстырып, негізгі міндеттерге тоқталды. Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін сақтау, шынықтыру шараларын ұйымдастыру және танымдық іс-шараларды өткізу міндеттері белгіленді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2025-2026 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

(Жауапты: барлық педагогтар)

2. Мониторинг қорытындылары бойынша балалардың даму деңгейін арттыру жұмыстары жалғастырылсын.

(Мерзімі: тұрақты)

3. Педагогтердің озық тәжірибелері жинақталып, келесі оқу жылында тәжірибеге енгізілсін.

(Жауапты: әдіскер)

4. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

(Жауапты: тәрбиешілер)

5. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін және орындалуы бақылауға алынсын.

(Мерзімі: жазғы кезең)

Төрайымы: Жәуміт А. Б